

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 6 – 10 шілде

2026 жылғы 6 – 10 шілде

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Аптаның негізгі оқиғалары және
Макроэкономикалық ахуал,
Негізгі көрсеткіштер

02



Аймақтық көрініс:
АҚШ, Еуропа, Азия және
Дамушы нарықтар

03



Аптаны бақылау: нарық пен
ФРЖ тәуекелдерді
өртүрлі бағалайды.
Алдағы апта және
қорытындылау

Акциялар. Америкалық индекстер аптаны әртүрлі бағыттағы динамикамен аяқтады. Өсім негізінен технологиялық сегментте шоғырланды: NASDAQ 0,61%-ға, S&P 500 0,50%-ға өсті, ал Dow Jones 0,79%-ға төмендеді. Нарыққа қолдау аптаның әлсіз басталуынан кейін жартылай өткізгіштер мен жасанды интеллектпен байланысты компаниялар акцияларының қалпына келуі есебінен көрсетілді. Бұл ретте Russell 2000 ірі компаниялар индекстерінен артта қалып, нарықтағы көшбасшылықтың әлі де шектеулі екенін көрсетті.

Еуропада төмендеу басым болды: Euro Stoxx 50 индексі 2,00%-ға, FTSE 100 1,45%-ға төмендеді. Азияда динамика аралас сипатта болды: Hang Seng 2,37%-ға өссе, CSI 300 1,26%-ға, ал Nikkei 225 1,69%-ға төмендеді. Қазақстанның KASE индексі 0,47%-ға төмендегенімен, жыл басынан бергі 9,15% өсімді сақтап қалды.

Облигациялар және кредит нарығы. Мұнай бағасының өсуі және ФРЖ-ның маусым айындағы отырысының хаттамасын қатаңырақ бағалау аясында мемлекеттік облигациялардың кірістілігі өсті. АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі 4,56%-ға, ал 30 жылдық облигацияларының кірістілігі 5,06%-ға дейін көтерілді. Еуропада Германияның 10 жылдық облигацияларының кірістілігі 3,03%-ға дейін, Ұлыбританиянікі 4,87%-ға дейін өсті.

Бұл ретте кредит нарығы салыстырмалы түрде тұрақты болып қалды. US HY OAS спреді 4,23 базистік тармаққа қысқарып, 301,0 базистік тармақты құрады, CDX HY индексінің спреді 17,69 базистік тармақты, ал дамушы нарықтардың Осы уақытта US IG OAS 2,29 базистік тармаққа кеңейді, бұл тәуекелсіз кірістіліктің өсуі аясында сапалы корпоративтік борышқа қатысты нарықтың сақтық танытқан бағасын көрсетеді.

Валюталар және шикізат тауарлары. Доллар индексі іс жүзінде өзгерген жоқ, 0,10% қосып, 100,95-ке дейін өсті. EUR/USD бағамы 0,24%-ға – 1,14-ке дейін төмендеді. USD/JPY бағамы 0,24%-ға төмендеп, 161,69 теңге болды, бірақ иена көпжылдық минимумға жақын қалды. USD/KZT бағамы 0,40%-ға өсті, 474,21 теңге болды, бұл бір аптада теңгенің бірқалыпты әлсірегенін білдіреді; жыл басынан бері теңге долларға қарағанда 6,54%-ға нығайып отыр.

АҚШ пен Иранның арасындағы шиеленістің қайта күшеюі және Ормуз бұғазы арқылы кеме қатынасына төнген жаңа қауіптер аясында Brent маркалы мұнайы барреліне 78,47 долларға дейін – 7,86%-ға қымбаттады. Бұл ретте мұнай бағасы бұрынғысынша наурыз айында тіркелген ең жоғары деңгейден едәуір төмен саудалануда. Геосаяси тәуекелдер мен борыштық облигациялар нарығындағы құбылмалылықтың артуына қарамастан, алтынның бағасы 1,06%-ға, күміс 3,60%-ға арзандады.

АҚШ-тың экономикалық статистикасы аралас сипатта қалды. Қызмет көрсету саласындағы ISM іскерлік белсенділік индексі 54,5-тен 54,0-ге дейін төмендегенімен, сектордағы өсімнің жалғасып жатқанын көрсетіп, 50 деңгейінен жоғары болып қалды. Жұмыспен қамту компоненті қайтадан кеңею аймағына оралды, ал баға компоненті төмендегенімен, шығынның тұрақты өсіп отырғанын көрсете берді.

АҚШ-тың сыртқы сауда тапшылығы 77,6 млрд долларға дейін ұлғайды. Қолданыстағы тұрғын үй сатылымы жылдық есеппен 4,09 млн-ға дейін 2,4% -ға төмендеді, өйткені тұрғын үй бағасының шарықтауы және қымбат кредиттер сұранысты әлі де тежеп отыр. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақыға алғашқы өтінімдер саны 215 мыңды құрап, еңбек нарығында күрт нашарлау белгілерінің жоқ екенін көрсетті.

Қытайда маусым айында тұтынушылық инфляция жылдық есеппен 1,1%-ды құрады, ал өндірушілер бағасы 4,1%-ға өсті. Тұтынушылық сұраныстың салыстырмалы түрде әлсіз болуы мен өнеркәсіптегі баға өсімінің жоғары қарқыны арасындағы алшақтық сақталуда. Германияда инфляция жылдық есеппен 2,3%-ға дейін баяулағанымен, Еуропадағы жалпы экономикалық ахуал энергия тасымалдаушылар құнының өсуіне сезімтал болып қалды.

Индекс	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
S&P 500	7 575	+0,50%	+10,45%
Dow Jones	52 637	-0,79%	+8,79%
NASDAQ	26 282	+0,61%	+13,11%
Euro Stoxx 50	6 270	-2,00%	+7,17%
FTSE 100	10 497	-1,45%	+5,49%
Nikkei 225	68 558	-1,69%	+36,19%
Hang Seng	24 175	+2,37%	-8,21%
KASE	7 675	-0,47%	+9,15%

Актив	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
MSCI World	4 851	+0,19%	+9,51%
MSCI EM	1 676	-2,65%	+19,33%
MSCI EAFE	3 118	-1,61%	+7,80%
Brent маркалы мұнай	78,47	+7,86%	+27,64%
Алтын	4 121	-1,06%	-4,84%
Күміс	59,87	-3,60%	-17,61%
DXY	100,95	+0,10%	+2,57%
USD/KZT	474,21	+0,40%	-6,54%

Кірістілік	13.07.2026	07.07.2026	Өзгеріс
UST 10Y	4,56%	4,47%	+9 б.т.
UST 30Y	5,06%	4,99%	+7 б.т.
UK Gilts 10Y	4,87%	4,79%	+8 б.т.
Germany 10Y	3,03%	2,94%	+9 б.т.
China 10Y	1,73%	1,73%	0 б.т.

АҚШ. Нарық технологиялық сектордың қолдауы және компаниялардың күшті қаржылық есептілігіне қатысты оң күтулердің арқасында тарихи максимумға жақын деңгейде сақталды. S&P 500 индексіне кіретін компаниялардың екінші тоқсандағы пайдасының өсу болжамы 23,6%-ға дейін көтерілді. Алайда күтудің өте жоғары болуы инвесторлардың тек пайданың өсуін ғана емес, сонымен қатар компаниялардың алдағы кезеңдерге арналған болжамдарын әрі қарай жақсарту қабілетін де бағалайтынын білдіреді.

Еуропа. Геосаяси шиеленістің қайта күшеюі және мұнай бағасының қымбаттауы Еуропа нарықтарына қысым көрсетті. Аймақтағы әлсіз динамика оның импортталатын энергия ресурстарының құнына жоғары тәуелділігін және қатаң ақша-кредит саясатының ұзақ уақыт сақталу ықтималдығын көрсетеді.

Азия. Жапонияда энергия бағасының қымбаттауы мен иенаның әлсіреуі инфляциялық тәуекелдерді күшейтіп, акциялар нарығына қысым жасады. Қытайда технологиялық компаниялар импортты алмастыру және жасанды интеллектті дамыту тақырыптарының аясында жергілікті қолдау тапқанымен, құрлықтық негізгі қор индекстері төмендеді. Гонконг қор нарығы ірі интернет-компаниялардың, сондай-ақ шикізат пен денсаулық сақтау секторларының өсімі есебінен оң динамика көрсетті.

Дамушы нарықтар. Бразилия мен Гонконгты қоса алғанда, кейбір нарықтардың өскеніне қарамастан, MSCI Emerging Markets индексі 2,65%-ға төмендеді. Бір ай ішінде дамушы елдердің акцияларына инвестициялайтын жаһандық қорлардан капиталдың әкетілуі байқалды. Бұл инвесторлардың АҚШ нарығына және ірі технологиялық компанияларға басымдық беруді жалғастырып отырғанын көрсетеді.

Аптаны бақылау және қорытындылау: нарық және ФРЖ тәуекелді әртүрлі бағалап отыр

ФРЖ мөлшерлемені 3,50-3,75% аралығында өзгеріссіз қалдырды, алайда маусым айындағы мөлшерлеме болжамы мен отырыс хаттамасы қатаң деп қабылданды. Нарық қыркүйек айында мөлшерлеменің тағы да көтерілу ықтималдығын жоғары бағалап отыр және жыл соңына дейін кемінде тағы бір рет өсім болады деп күтуде. Бұл инфляциялық болжамды қайта қарауды және 2028 жылдың соңына дейін 2%-дан жоғары деңгейде сақталады деген күтулерді көрсетеді.

Бұл ретте комитетті дауыс беруге құқылы мүшелерінің құрамы жалпы болжам көрсетіп отырғандай мөлшерлемені көтеруге соншалықты бейім болмауы мүмкін. Мөлшерлеме бойынша өз болжамдарын ұсынған қатысушылардың барлығы бірдей дауыс беруге құқылы емес, ал ФРЖ төрағасы болжамдар кестесінде өзінің жеке бағасын ұсынған жоқ. Ашық жарияланған мәлімдемелерді талдау дауыс беруге құқылы мүшелердің арасында мөлшерлемені өзгеріссіз қалдыруды немесе төмендетуді қолдайтындардың үлесі дауыс беру құқығы жоқ мүшелерге қарағанда жоғары екенін көрсетеді.

Бұл нарықтағы баға белгілеу мен ФРЖ-ның нақты шешімдері арасында белгілі бір алшақтықтың қалыптасуына әкелуі мүмкін. Инфляция және бөлшек сауда бойынша жаңа деректер жарияланғанға дейін облигация нарығында, әсіресе кірістілік қисығының ұзақмерзімді бөлігінде, жоғары құбылмалылықтың сақталуы ең ықтимал сценарий болып қала береді.

Алдағы апта

Келесі аптада негізгі оқиғалар АҚШ-тағы CPI және PPI жарияланымдары, Конгрестегі ФРЖ төрағасының шығып сөйлеуі және ірі банктердің есеп беру маусымының басталуы болады. Сондай-ақ Корей Банкінің мөлшерлеме, бөлшек сауда, өнеркәсіптік өндіріс және Мичиган Университетінің тұтынушылық көңіл күйдің алдын ала индексі жөніндегі шешіміне назар аударылады.

Қорытындылау

Апта көрсеткендей, америкалық нарық мұнай мен кірістіліктің өсуі кезінде де тұрақтылығын сақтайды, алайда өсім тар күйінде қалып отыр және технологиялық секторға тәуелді. Еуропалық және дамушы нарықтар әлсіз көрінді, ал облигациялардың жоғары құбылмалылығы инфляция мен орталық банктердің саясаты төңірегінде сақталып отырған белгісіздікті көрсетеді.

Таяу күндері инфляция бойынша деректер ФРЖ бойынша нарықтың қатаң күтулерін растай ма және корпоративтік нәтижелер технологиялық компаниялардың жоғары бағаларын ақтай ала ма деген мәселеге басты назар аударылады. Осы деректерді алғанға дейін нарықтық көрініс қалыпты жағымды, бірақ мұнайға, мөлшерлемелерге және геосаяси жаңалықтарға сезімтал күйінде қалып отыр.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты BCC Invest қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

BCC Invest олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты көпілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.